



«Гұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мақсаттары мен міндеттері
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының ережелеріне және жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл бойынша шаралар әзірлеу және қабылдау жөніндегі ҚР БҒМ әдістемелік ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

- осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – саясат) "Гұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университет) нормативтік құжаты болып табылады, ол Университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған.

- Саясат - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қоғамның университет қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

Университет саясатын енгізудің негізгі мақсаттары:

- ЖОО-ны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту;
- Университет жұмыскерлерінің атқарып отырған лауазымына қарамастан, сыбайлас жемқорлықты кез келген формада және көріністерде қабылдамау туралы Университет саясатын біркелкі түсінуін қалыптастыру;
- Университетте қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі-ҚР) заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру.

Қойылған мақсаттарға жету үшін Университетте саясатты енгізудің келесі міндеттері белгіленеді:

- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптерін бекіту;
- саясатты қолдану саласын және оның әрекетіне түсетін адамдар тобын анықтау;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты Университеттің лауазымды тұлғаларын анықтау;
- Университет жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар тізбесін, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеу;
- Университет жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілігін бекіту.

2. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері

2.1 Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі келесі принциптерге негізделеді:

- Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға **сәйкес болу принципі**: жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ҚР Конституциясына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына және жоғары оқу орындарына қолданылатын басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес болуы;

- **Университет басшылығының жеке үлгілік принципі**: Университет басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі ете отырып, барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрлері мен көріністеріне ымырасыз қарым-қатынастың этикалық стандартын қалыптастыруы тиіс;

- **Оқытушы-профессорлар құрамы (бұдан әрі –ОПҚ) мен жұмыскерлерді тарту қағидаты**: ОПҚ мен жұмыскерлердің лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы;

- **нөлдік төзімділік принципі**: Университетте сыбайлас жемқорлықты кез келген формада және көріністерде қабылдамау;

- **тәуекелдерді мерзімді бағалау принципі**: Университетте мерзімдік негізде жалпы Университет қызметіне және оның жеке бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау жүзеге асырылады;

- **ашықтық принципі**: Университетте жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жұртшылықты хабардар ету;

- **жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы принципі**: атқарып отырған лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда басқа да жағдайларға қарамастан Университет жұмыскерлері үшін жазадан бұлтартпастығы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін басшылықтың жауапкершілігі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты

3.1 Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған барлық іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты Университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.

3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

- Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін ұсыныстар дайындау;
- Университетте сыбайлас жемқорлықтың пайда болу қаупін тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған ұсыныстарды дайындау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды жүзеге асыруға бағытталған нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу және Университеттің Ғылыми Кеңесінің бекітуіне ұсыну;
- Университет жұмыскерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға бағытталған іс-шаралар өткізу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізуді ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;
- бақылау-қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері

бойынша университет қызметіне инспекциялық тексеру жүргізу кезінде көмек көрсету;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ұйымдастыруға қатысу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс нәтижелеріне бағалау жүргізу және тиісті есеп беру материалдарын дайындау.

4. Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша міндеттері

Барлық қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты университеттегі лауазымы мен жұмыс өтіліне қарамастан:

* осы Саясаттың ережелерін басшылыққа алу және оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтау;

* сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға немесе оған қатысуға дайындықпен түсіндірілуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

5.1. Осы Саясатқа қосымша ретінде Университетте жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімі және жауапты орындаушы көрсетіледі.

5.2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында Университетте іскерлік қарым-қатынас этикасын қозғайтын және қызметкерлердің этикалық, адал мінез-құлықтың қалыптастыруға бағытталған мінез-құлықтың жалпы қағидалары мен принциптері белгіленеді.

Мұндай жалпы ережелер мен мінез-құлық қағидалары Университет ректоры бекіткен Университет қызметкерлерінің ар-намыс кодексінде бекітілген.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты жеке пайда алу мақсатында Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығы жоғары болған жағдайда Университет қызметіндегі нақты операцияларды анықтау болып табылады.

5.4. Университетте келесі тақырып бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту жүргізілуі тиіс:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілік;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және оларды Университет қызметінде қолдану тәртібі бойынша заңнама талаптарымен және университеттің ішкі құжаттарымен танысу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

5.5. Университет жүзеге асыратын ішкі бақылау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, Университет қызметінің нормативтік құқықтық актілері мен университеттің жергілікті нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты ішкі бақылау және аудит жүйесінің міндеттерін іске асыру үлкен қызығушылық тудырады.

5.6. Серіктестермен өзара қатынас жасау кезінде Университет ЖОО-да қабылданған қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы хабарлайды, оның ішінде шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір ережелерді енгізуге болады. Университет іскерлік қарым-қатынасты адал және әділ түрде жүргізетін, өз беделіне қамқорлық жасайтын, бизнесті жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қарым-қатынасты орнатуға және сақтауға ұмтылады.

5.7. Университет жұртшылықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудағы жетістіктер мен енгізу дәрежесі туралы ақпараттандыруды, оның ішінде Интернет желісіндегі ресми сайтта тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жүзеге асырады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

6.1. Университет және оның барлық жұмыскерлері ҚР қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауы тиіс.

6.2. Университеттің барлық жұмыскерлері осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтау үшін ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

6.3. Осы Саясат талаптарының бұзылуына кінәлі адамдар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Ректор

С. Сагинтаева

Әзірлеген:

СМЖ жетекші маманы

Н. Елашкина

Келісілді:

ТЖ проректоры

С. Махмутов